

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ

материалдар жинағы

ШКОЛА ПЕРЕДОВОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОПЫТА

сборник материалов

Орал, 2021

ӘОЖ 37.01
КБЖ 74.20
О46

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 19.04.2021ж.
Академиялық кеңесінің №8 хаттамасы шешімі негізінде басылымға ұсынылды.
Рекомендовано к печати решением Академического совета Западно-
Казахстанского университета им.М.Утемисова, протокол №8 от 19.04.2021 г.*

Редакция алқасы/ Редакционная коллегия
Бас редактор / Главный редактор

А.С.Тасмағамбетов, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а., т.ғ.д.

Редакция алқасының мүшелері / Члены редакционной коллегии:

Э.Ж.Имашев, жаңартпашылық технологиялар және цифрландыру департаментінің директоры.

Ш.Б.Абишева, әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің аға сарапшысы.

Л.Н.Темрешева, әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің сарапшысы.

О 46 Озық педагогикалық тәжірибе мектебі=Школа передового педагогического опыта: Мат.жинағы. = Сб. материалов. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2021. – 71 б.

Осы материалдар жинағы білім берудегі ғылым мен ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін пайдалануға негізделген университеттегі ПОҚ-тың инновациялық-жобалық қызметінің (бағдарламалық өнімнің түпнұсқасы, оқу тренажері, оқытудағы инновациялық тренинг және т.б.) нәтижелерін қамтиды.

Данный сборник материалов содержит результаты инновационно-проектной деятельности ППС университета (оригинальный программный продукт, учебный тренажер, инновационный тренинг в обучении и т.д.), основанные на использовании современных достижений науки и информационных технологий в образовании.

АЛҒЫ СӨЗ

А.С. Тасмағамбетов,
академиялық мәселелер жөніндегі
проректордың м.а., т.ғ.д.

Қазіргі жағдайда инновациялық шығармашылық бағыттарының рөлі артуда, себебі білім беру мазмұнын айтарлықтай жаңарту, білім беру қызметінің басым бағыттары бойынша инновациялық бастамалар мен шығармашылық негізінде жаңа сапаға қол жеткізу қажеттілігі туындап отыр.

Инновацияларды енгізу қажеттілігі бірнеше факторлармен анықталады:

1. Білім беру мазмұнын өзгерту, жаңа пәндерді енгізу, оқытудың жаңа технологияларын іздеу.

2. Мемлекет саясатындағы әлеуметтік және экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізу қажеттілігін анықтады.

Бүгінгі таңда жаңартудың құралы – педагогтердің инновациялық қызметі болып табылады, ол – педагогикалық инновацияларды қалыптастыру, игеру және қолдануды қамтиды.

3. Қазіргі қоғамда оқу орындарының жаңа түрлері құрылуда, сол арқылы нақты бәсекеге қабілеттілік орын алады, бұл оқытудың сапасы туралы ойлануға жетелейді.

Бұл қызметтің мақсаты білім беру сапасын арттыру болып табылады. Күтілетін нәтиже – университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби құзыреттілік деңгейін жетілдіру, білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу.

Инновациялық-жобалық қызметтің нәтижесі ғылыми және білім беру инновациялары нарығына, сондай-ақ басқа да беделді көрмелерге ұсына алатындай нақты инновациялық өнім болуы тиіс.

Оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың сапасы мен тиімділігін бағалау критерийлері:

- жобаның өзектілігі, бірегейлігі және ғылыми жаңалығы;
- жобаның мақсаттары мен міндеттерінің шынайылығы;
- инновациялық жобаның түпкілікті нәтижесін анықтаудың нақтылығы;
- инновациялық оқыту технологиясын әдістемелік қамтамасыз ету сапасы;
- оқу үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу дәрежесі (инновациялық технологиямен қамтылған оқу сабақтарының түрлері);
- инновациялық технологияларды қолдану кезінде студенттердің алатын білім сапасын арттыру.

"Озық педагогикалық тәжірибе мектебі" материалдар жинағына М.Өтемісов атындағы БҚУ профессорлық-оқытушылық құрамының оқу үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстары енді.

ПРИМЕНЕНИЕ СЕРВИСА PADLET ДЛЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Бохорова С.Н.,
*старший преподаватель
кафедры биологии и экологии,
магистр экологии*


В сегодняшних реалиях из-за закрытия учебных заведений на карантин, дистанционное образование становится особенно актуальным. Дистанционное обучение – способ реализации процесса обучения, основанный на использовании современных информационных и телекоммуникационных технологий, позволяющих осуществлять обучение на расстоянии без непосредственного, личного контакта между преподавателем и учащимися [1]. В казахстанских вузах переход на дистанционное обучение в тестовом режиме начался ориентировочно с 2005 года со студентов, обучающихся на заочном обучении и имеющих индивидуальные особенности в развитии. В 2020 году в декабре в условиях пандемии коронавируса дистанционное обучение законодательно закрепили в Казахстане. Одними из его преимуществ является возможность заниматься в удобное время, в своем темпе и использовать неограниченные возможности ИКТ. Поскольку в дистанционном формате нет возможности личного общения со студентами, начался поиск всевозможных программ отвечающих требованиям данного формата. Одним из таких сервисов является образовательный ресурс Padlet, который представляет собой интерактивную доску для совместного использования преподавателя и студента.

Все учителя и преподаватели Вузов в повседневной своей деятельности используют различные виды досок, в качестве наглядности, для размещения изучаемой информации. Padlet относится к виду виртуальных досок. Сервис Padlet – очень удобен для дистанционного обучения, так позволяет создавать информационную доску (падлет) с использованием материала любого формата, кроме этого информация храниться долгое время и студенты в удобное для себя время могут несколько раз просматривать её содержание и последовательно выполнять задания.

Благодаря данному сервису преподаватель совместно со студентами в виртуальном пространстве может создать падлет на определенную тематику. Сервис очень прост в обращении и благодаря использованию


материалов различного формата можно создать хорошо иллюстрированные паблиеты. Для совместной работы преподаватель дает ссылку на Padlet через платформу Zoom или WatsApp – https://padlet.com/b_sveta_n/s7h6fm165jmix9ub.

На данной доске при изучении курса «Основы геоботаники» студентами 1 курса специальности «Экология», я разместила материалы на тему «Плоды. Развитие и строение плодов. Типы плодов классификация плодов. Приспособления к распространению плодов и семян. Значение плодов в жизни человека». На данной доске можно поместить большое количество постов с разнообразной информацией и в любом формате. Первый пост содержит название темы и изучаемые вопросы. Далее второй пост – это видео инструкция с указанием последовательности изучения материала темы. Третий пост в формате PDF содержит развернутый материал лекции, после изучения которого нужно выписать определения указанных терминов. После размещена презентация темы, созданная в Power Point, изучив которую студенты переходят к поиску ответов на поставленные вопросы и выполнению лабораторной работы. Для поиска ответов на контрольные вопросы можно воспользоваться учебником В.Н. Тихомирова «Геоботаника» (2006), загруженным здесь же в паблиете.



Методические рекомендации для лабораторной работы загружены в формате документа Word и свои ответы студенты так же могут размещать в виде Word документа и в виде фотографий форматов PNG, JPG и другие. Далее в качестве дополнительного материала для расширения кругозора студентов размещены два видео ролика: первый на английском языке о распространении семян и второй – это видео лекция профессора МГУ им. М.В. Ломоносова А. Боброва о науке карпология.

После изучения всех предложенных материалов на доске, студентам предлагается выполнить тесты в приложении GOOGLE FORM, которые не требуют ручной проверки от преподавателя и проверяются автоматически.



По завершении изучения данной темы выполняется рефлексия и если у студентов остаются вопросы, то здесь имеется ссылка на встречу в онлайн формате через приложение ZOOM с указанием идентификатора и пароля. Кроме этого, если студент изначально желает получить консультацию преподавателя, то он тоже может посетить видео конференцию и только потом приступить к изучению темы.

Кроме всех описанных моментов можно добавить, что доску Padlet можно экспортировать в нужные вам форматы и сделать слайд шоу. Для того чтобы поделиться со студентами данной доской для совместной работы можно выслать им уникальную ссылку или же получить QR-код или выложить в социальные сети Facebook, Twitter.

Учащиеся активно и с удовольствием используют ИКТ, что повышает их технологическую и информационную грамотность. Формат конференций помогает познакомиться с особенностями этикета и правил поведения при видео общении, которое становится все более распространенным и используется не только для общения с друзьями, но и в деловых беседах, обучении и собеседованиях. Значительным преимуществом для предметных результатов является работа со звуком и возможность многократного просмотра материала; все, что было непонятно, всегда можно повторить, а восприятие на слух помогает развивать навыка аудирования, что сложно развивать в неязыковой среде. Комфортная среда облегчает процесс общения, повышая коммуникативные навыки [3].

Таким образом, используя сервис Padlet можно разработать комплексный дистанционный урок, используя большой массив разнообразной информации. Я думаю, что такая доска будет интересна тем студентам, кто хочет глубже узнать тему, а также студентам, пропустившим занятия и студентам, у которых есть временные проблемы с интернетом, так как материал этой доски может храниться значительное время.

Список использованных источников и литературы:

[1] Ковалев И. Дистанционное образование и закон. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <http://www.edutainme.ru/post/distantcionnoe-obrazovanie-i-zakon/>

[2] Таксикова Л., Бондарева С. Институт математики и информатики МПГУ Бесплатная платформа для создания онлайн-досок Padlet [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: <http://internet-for-teacher.blogspot.com/2017/12/padlet.html/>

[3] Азанова А. Е. Виртуальная онлайн-доска как платформа создания мини-проектов в условиях дистанционного обучения / А. Е. Азанова. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2020. – № 13 (303). – С. 205-207. – URL: <https://moluch.ru/archive/303/68467/>

УДК 372.854

НОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ХИМИЧЕСКИХ ДИСЦИПЛИН

Сдикова Г.Ж.,

к.х.н., доцент кафедры химии

Изучение химических дисциплин представляет определенные трудности, так как зачастую требует абстрактного мышления. Современные технологии, и особенно Интернет-ориентированные педагогические технологии в этом плане дополняют классические технологии, способствуя эффективному усвоению новой информации. По данным некоторых исследований наиболее популярными у студентов являются медиа-технологии; использование поисковых систем в Интернете и ссылок к образовательным Интернет-ресурсам; графика, рисунки, картинки, фотографии; аудио и видео; технологии записи изображений с экрана компьютера и т.д. Сетевое поколение чувствует себя более комфортно в среде, богатой образами, а не текстами, студенты сетевого поколения отказываются читать большие объёмы текста. Имея

навыки работы с электронными устройствами и гаджетами, студенты предъявляют повышенные требования к технологической стороне обучения [1-3].

В связи с этим, на кафедре химии были использованы и внедрены технологии, изученные мною в рамках программы повышения квалификации преподавателей педагогических специальностей ВУЗов в «Республиканском институте повышения квалификации руководящих и научно-педагогических работников системы образования РК «Өрлеу»» (далее «Өрлеу»). Технологии, предложенные «Өрлеу», были внедрены в учебный процесс 2017-2018, 2019-2020 уч.г. магистрантов 2 курса специальности «6М011200-Химия», «7М0115-Химия» по дисциплине «Новые технологии в преподавании химических дисциплин». В рамках этой дисциплины были изучены и использованы следующие технологии: HyperCam, Скринкаст, BandiCam, установка видео конвертер, iSpring Quiz Maker. Магистранты 2-го курса, используя эти программы, разработали ряд методических заданий по неорганической, органической, аналитической, физической химии. Разработан УМКД по данной дисциплине.

В частности, программа HyperCam осуществляет захват видео с вашего монитора. Другими словами, все манипуляции, которые вы производите за компьютером на рабочем столе, можно записать в видео файл. Данная утилита полезна при создании различных презентаций, демонстрационных версий программ и др. С помощью HyperCam можно создавать обучающие видеоуроки, не выходя из дома. Программу можно скачать с сайта <http://hyperionics.com> (рисунок 1). Присутствует полная поддержка текстовых аннотаций, вставка аудио дорожек и экранных примечаний. Можно выбирать качество сжатия аудио и видео фрагментов, а так же скорость кадров [4].



Рисунок 1 - Скачивание и установка программы

Основные возможности и преимущества программы: поддержка аудио дорожек; возможность вставки экранных примечаний; регулярное обновление программы.

В качестве примера представлен один из скринкастов, созданных магистрантом группы МХ-11 (рисунок 2). Скринкаст на тему «Белки» был записан с помощью программы BandiCam. С помощью скринкаста можно объяснить и показать наглядно свой материал [5]. Как показала практика, просмотр данного скринкаста является эффективным средством для начала самостоятельной работы на время карантина, также повышает мотивацию обучающихся к процессу обучения, задания решаются в индивидуальном темпе, всегда есть возможность увидеть свои ошибки и поработать над ними.



Рисунок 2 - Фрагмент скринкаста

Основные преимущества перечисленных технологий в образовательном процессе заключаются в том, что виртуальные занятия поддерживают воображение и креативность и, в результате, позволяют лучше понять и усвоить материал; обучающиеся в любой момент могут получить доступ к онлайн-курсу прямо из общежития, дома, библиотеки.

По итогам внедрения вышеперечисленных технологий в учебный процесс магистрантов специальности «6М011200-Химия», «7М0115-Химия» выявлено, что они открывают большие перспективы в образовании, обучающиеся получают навыки работы с новейшими технологиями, что повышает конкурентоспособность и профессионализм будущих специалистов. Применение описанных технологий придаёт занятиям по химическим дисциплинам особую привлекательность, является одним из способов развития познавательных и творческих интересов учащихся к химии как к науке, а также способствует активизации мыслительной деятельности учащихся. Инновационные технологии способствуют повышению эффективности обучения химическим дисциплинам.

Список использованной литературы

1. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Учеб. пособие для пед. вузов. - М.: Издательский центр «Академия», 1999. - 224 с.

2. Дендебер С.В., Ключникова О.В. Современные технологии в процессе преподавания химии. - Изд. 2-е. - М.: 5 за знания, 2008. - 112 с.
3. Янушкевич Ф. Технология обучения в системе высшего образования: Пособие для преподавателей. - М.: Высш. шк., 1986. - 133 с.
4. <http://hypercam.download-windows.org/https://screencast-o-matic.com>.

ӘОЖ 37.033

ЖОО ОҚУ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕ PADLET ВИРТУАЛДЫ ТАҚТАСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

С.Б. Калаханова,
педагогика және психология
кафедрасының аға оқытушысы,
магистр

Қазақстан қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылым және білім беру жүйесін дамыту арқылы әлеуметтік-экономикалық жүйеге қажет бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау жағдайында озық болуға ұмтылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде... Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн» деп атап өткен болатын [1].

Негізінде классикалық моделі бар заманауи білім беру жүйесі жаңа қағидаттар мен жаңа мазмұны бар жаңа жүйе болып табылады. Қазіргі білім беру ортасы виртуалды мәдениет, қашықтан байланыс және ата-аналар мен студенттердің білім беру қызметтеріне қойылатын жаңа талаптары негізінде қалыптасады [2].

Осыған байланысты ЖОО тәжірибесінде қазіргі заманғы инновациялық технологияларды және ғылыми жобаларды іске асыру және дамыту бағытында Padlet виртуалды тақтасын қолдану мүмкіндіктерін әдістемелік негіздеу қажеттілігі туындады.

ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде Padlet виртуалды тақтасын қолданудың мүмкіндіктерін анықтап, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету арқылы тиімділігін арттыру мақсатында 2020-2021 оқу жылында қыркүйек айынан бастап педагогика және

психология кафедрасында «ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде Padlet виртуалды тақтасын қолдану мүмкіндіктері» инновациялық жобасы 5B010300 «Педагогика және психология» мамандығы 3-курс студенттеріне «Психологияны оқыту әдістемесі», «Психокоррекция және психотерапия негіздері» пәндерін оқытуда; 6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 2-курс студенттеріне топ кураторы қызметін атқаруда; «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша эдвайзерлік жұмысын ұйымдастыруда жүзеге асырылды. Инновациялық технологияны қолданғандар контингенті: 75 студент. Жоба ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде Padlet виртуалды тақтасын қолдану арқылы оқытудың, кураторлық және эдвайзерлік жұмыстың әдістемесін жетілдіруді көздейді.

Жобаның міндеттері:

- Padlet виртуалды тақтасы арқылы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;
- Padlet виртуалды тақтасы көмегімен тәрбие жұмысын ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету;
- Эдвайзер жұмысын ұйымдастыруда құрал ретінде Padlet виртуалды тақтасын қолдану жолдарын анықтау;
- Оқу-тәрбие үдерісінде нәтижелерді өзара талдау, кері байланыс орнату және рефлексия жасаудың тиімді онлайн тәсілдерін ұсыну.

Padlet веб-қабырғасы – бұл бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін қызметтердің бірі. Ол авторлық жеке жоба қабырғасы, бірнеше қатысушы ақпаратпен толтыратын виртуалды модерацияланған тақта, кез-келген қолданушы оқи алатын және өңдей алатын ақпарат алмасу алаңы ретінде қолданылады. Оған фотосуреттер, файлдар, интернет беттеріне сілтемелер, жазбалар қосуға болады.

Студенттермен бірлесіп жұмыс істеу үшін Padlet-ті қолдануға болатын бірнеше жағдайлар бар:

- әдебиет тізімін бөлісу және студенттерге бұл туралы түсініктеме беру;
- миға шабуыл ұйымдастыру;
- конференциялардағы сұрақтар мен жауаптар үшін пайду;
- оқиғаларды жоспарлауға тапсырмалар беру;
- студенттерге қажет құжаттар хабын жасау;
- ақпараттық бюллетень жариялау;
- виртуалды ұсыныстар терезелерін ашу;
- мақсаттарды топпен бөлісу [3].

Padlet виртуалды тақтасының тиімді жақтары: Padlet виртуалды тақтасында кесте, ситуациялық сұрақ, эссе т.б. тапсырмалар жеңіл дайындалады және Google Forms онлайн-сервисінде дайындалған

сауалнаманы қабырғаға кіріктіруге болады; тапсырмаларға қажет сурет, видео, аудио материалдар дайындау барысында тікелей интернет желісінен жүктеледі немесе веб-камерадан / ұялы телефон камерасынан түсірілген фотосуреттерді, 5 минуттық экраннан скринкаст түсіріп, қабырғаға жүктеуге болады; қабырға бұлтта сақталады, егер компьютердің қатты дискісі бұзылса, басқа құрылғыдан аккаунт арқылы немесе сілтеме көмегімен кіруге болады; сервистің тегін болуы, яғни кейбір кеңейтілген мүмкіндіктер егер қажет жағдайда ғана сатып алу қажет; мобильді болуы, өйткені телефон немесе планшет көмегімен қабырғаны қарастырып, түзетіп, таратуға болады.

Жобаның мақсат-міндеттеріне сай Padlet виртуалды тақтасы арқылы оқу-тәрбие үдерісі әдістемелік жағынан қамтамасыз етілді. 2020-2021 оқу жылында «Психокоррекция және психотерапия негіздері», «Психологияны оқыту әдістемесі» пәндері бойынша дәріс, семинар, ОЖСӨЖ; кураторлық қызмет; эдвайзерлік жұмысы барысында студенттерге келесі бағыттағы тапсырмалар алдын ала даярланып, іске асырылды: 1) «Куратор бұрышы» авторлық жеке жоба қабырғасы; 2) пән бойынша онлайн және офлайн тапсырмаларды орындау және бағалау; 3) индивидуалды тапсырмалар беру; 4) топтық жұмыстарға студенттерді біріктіру; 5) студенттің ЖОЖ құруда онлайн пәндерге тіркелу; 6) оқытушылардың портфолиосы ретінде қабырғаны қолдану.

Жобаны жүзеге асыру барысында Padlet виртуалды тақтасының ЖОО оқу үдерісінде келесі қолдану мүмкіндіктері анықталды: білімді өзектендіру үшін барлық сабаққа қажетті материалдарды виртуалды тақтаға қойып, студенттердің білімін сұрау арқылы тексеру және оларға қандай да бір нәрсені түсіндіру керек пе оны да анықтау; студенттер сабақ барысында немесе баяндаманы тыңдаған кезде туындаған негізгі идеяларын немесе сұрақтарын тақтаға қосуын сұрауға болады; QR-кодтарының галереясын жасау: студенттер белгілі бір тақырыптағы ақпаратпен, суреттермен және сілтемелермен виртуалды тақтаны жасай алады, содан кейін оған QR – кодтар жасап, тарата алады; студенттер бір уақытта топтарда жұмыс жасай алады, белгілі бір тақырып бойынша материалдарды бірлесіп жинау үшін виртуалды тақтаны пайдалана алады, жиналған ресурстар бір жерде сақталады және ешқашан жоғалмайды; тақырыпты зерттегеннен кейін сауалнама жүргізіп, студенттерден «Сіз не үйрендіңіз?», «Не түсініксіз?», «Сіз не сұрағыңыз келеді?» деген сұрақтарға жауап беруін сұрау, сонымен қатар, жауап бергенде мәтінді, сілтемені немесе мультимедиялық файлды қосып кеңінен түсіндіру, бұл виртуалды тақтадағы материалды қайталау үшін кейінірек пайдалануға да ыңғайлы болып табылады.

ЖОО тәрбие үдерісінде қолданудың келесі мүмкіндіктері айқындалды: оқытушыны студенттерге таныстыратын виртуалды қабырғаны жасау, кәсіби жетістіктері, оқытатын пәндері, ғылыми зерттеу тақырыптары т.б. мәліметтермен портфолио жасау мүмкіндігі; жылдың басында студенттердің өздері туралы кез келген ақпаратты қоса алатын өз виртуалды қабырғаларын құруға кеңес беру және жылдың соңында не өзгергенін көру, өзгерістер туралы сөйлесу, кәсіби даму бағдарламасын құру; студенттермен ZOOM бағдарламасында кездесулер өткізу барысында кері байланыс алу үшін пайдалану, олар өздерінің әсерлері идеялары мен сұрақтарын виртуалды тақтаға жазып, кездесудің соңында талқылау мүмкіндігі; оқиғаларды жоспарлау, мысалы, экскурсияны жоспарласаңыз, виртуалды тақтада барлық қажетті ақпаратты: орын, бағыт, кету уақыты, шығын, қажетті заттардың тізімі және т.б. енгізу мүмкіндігі; тәрбие шарасын онлайн көрме ретінде өткізу, студенттерді көрме жасауға белсенді қатыстыру; хабарландырулар мен маңызды ақпаратты орналастыра алатын топ үшін хабар тақтасы ретінде қолдану.

Қашықтан оқыту жағдайында Padlet виртуалды тақтасын оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану үшін ZOOM бағдарламасы арқылы чатқа және экранға шығару, студенттерге e-mail, әлеуметтік желілерге тарату, сайтқа біріктіру арқылы ұсынылды. Жасалған қабырға мақсатына қарай студенттерге қабырғаны қарау, материалдарды жариялау немесе модератор статусы мүмкіндігімен жіберіліп отырды.

Қорыта келе, инновациялық жоба аясында Padlet интерактивті онлайн тақтаны пайдалану заманауи білім беру процесінің ажырамас бөлігі екенін дәлелденді. Қашықтан жұмыс барысында ақпаратты визуализациялау бойынша практикалық міндеттерді оңай меңгеру және шешудің, сабақтың мүмкіндіктерін кеңейтудің, студенттерге шығармашылық идеялардың көрінісінде және жалпы креативті білім беру өнімін құруда тең құқылы қатысушы болуға мүмкіндік берудің тиімді онлайн тәсілдерін қолдану маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Дереккөз: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek
2. Образовательный потенциал открытого образовательного ресурса «Аудиохрестоматия. Мировая литература голосами мастеров сцены»:

научно-методический комментарий. – СПб.: ООО «Книжный дом». – 2011. – 64 б.

3. Интернеттегі ынтымақтастық үшін падлетті қалай пайдалануға болады. Дереккөз: <https://kk.escolapiasaragon.org/use-padlet-for-online-collaboration-8028>

ӘОЖ 373

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ: ТИІМДІ ОҚЫТУДЫҢ КЕШЕНДІ ӘДІСТЕРІ

Г.Н.Сулейменова,
экономика және менеджмент
кафедрасының доценті, э.ғ.к.
А.С.Сағынов,
магистрант

Қазіргі таңда экономиканың барлық салалары цифрландыру үрдісін бастан кешіруде. Оның ішінде білім беру жүйесі, өзінің инерттілігі мен фундаменталдылығына қарамастан, заман талабына сай әрдайым өзгеріске ұшырап отыратыны сөзсіз.

ҚР-ның тұңғыш Президенті Н.Назарбаев жыл сайынғы жолдауында білім саласына ерекше басымдылық беріп, жастардың білім-біліктілігін жетілдіру үшін барлық жағдай жасауда «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек... Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ» [1] деп, Қазақстанның алдыңғы қатарлы жоғары дамыған 30 мемлекеттің дамуына кіру үшін нақты мақсаттар жүктеген болатын.

Цифрлық революция қоғамдағы болып жатқан көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Өз жұмысында сандық технологиялар мен құралдарды шебер қолданатын адамның зияткерлік еңбегінің өнімділігі айтарлықтай артады. Саясаткерлер мен экономистер көбінесе мұндай әсерді білім беру саласында да байқау керек деп санайды. Отандық және халықаралық тәжірибе көрсеткендей, цифрлық технологиялар білім беру процесіне тәрбие және оқу жұмысының тиімділігін арттырғанымен,

жеткіліксіз шарт болып табылады [2]. ЦТ-ның таралуы жекелеген педагогтардың шығармашылық жұмысын жақсартуға ықпал еткенімен, дәстүрлі ұйымдастырылған білім беру процесінің тиімділігін арттыра алмауы мүмкін. Сол себептен, оқыту әдістерін кешенді пайдалану оқыту үрдісін оңтайландырудың бірден бір жолы болып табылады.

Білім берудегі кешенділік принципі көпаспектілігімен, көпварианттылығымен және көпкритериялығымен сипатталады [3]. Бұл принцип ақпаратты оқыту объектісіне жеткізудің және кері байланыс алудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін икемді қолдануды білдіреді. Яғни дәстүрлі оқытумен қатар, цифрлық технологияны қолдана отыра, материалды бірнеше жолдармен ұсынады:

- визуалдық әсер ету: көрнекілеу, мәтінді түстермен белгілеу, инфограммаларды қолдану және т.б.;
- модельдер мен кестелерді қолдану;
- миға шабуыл, блиц сауалнама және т.б.;
- цифрлық құрылғылардағы арнайы оқыту бағдарламаларын қолдану;
- пәнаралық қатынастың болуы: пәнді өзге пәндермен ұштастыру;
- сабақты конференция, дискуссия және өзге де бағытта жүргізу және т.б. әдістер.

Тиімді оқытудың кешенді әдістері жоғарыда аталған тәсілдерді пәннің ерекшелігіне байланысты таңдалынып, қолданылуын негіздейді. Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану арқылы дәстүрлі оқыту үрдісін заман талабына сәйкестендеру қазіргі білім берудегі алға қойылған актуалды міндет екенін ескере отыра, оларды біржақты ғана емес, кешенді түрде енгізу қажеттілігін айқындайды.

Осылайша, ЦТ-ны білім беруде қолданудың негізін цифрлық революцияның жаңа кезеңі құрайды, бұл ЦТ-ны міндеттерді шешудің жалпыға қол жетімді және сенімді құралы етеді. Білім беруді цифрлық түрлендірудің мәні – оны қолдану негізінде білім беру процесін жекелендіруге көшу. Оның басты ерекшелігі – ЦТ дәстүрлі "қағаз" ақпараттық технологиялар құралдарымен жүзеге асырудың күрделілігіне байланысты бұрын бұқаралық білім беруде лайықты орын ала алмаған жаңа педагогикалық практиканы (оқу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізудің жаңа модельдері) іс жүзінде пайдалануға көмектеседі [9]. Өткен онжылдықта ЦТ қазіргі заманғы жоғары технологиялық өндірістердің, қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындардың және мемлекеттік басқару органдарының күнделікті жұмысын жақсартуға көмектесті. Алдағы онжылдықта олар ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы жаңа жетістіктердің арқасында білім беру ұйымдарының жұмысын жақсартуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.№ 106 (28143) -6-7 б.
2. Крамаренко Н.С., Квашин А.Ю. Психологические и организационные аспекты введения цифрового образования, или как внедрение инноваций не превратить в «цифровой колхоз» [Электронный ресурс] // Вестник Московского государственного областного университета. 2017. №4. С. 1-16. URL: www.evestnikmgou.ru
3. Ш.Т. Таубаева, Б.Т. Барсай, С.Н. Жиенбаева Т 23 Педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері: оқулық. – Алматы: - 2018 – 300 б.
4. Капранов В.К., Капранова М.Н. Повышение доступности качественного образования через сетевое взаимодействие школьных библиотек // Открытое и дистанционное образование. 2012. №3(47). С. 28-32.

ӘӨЖ 746.411

ДӘСТҮРЛІ КӨРКЕМ ТОҚЫМА ӨНЕРІ ӘДІСІН ӘЙЕЛ АДАМ КИІМІН ЖОБАЛАУДА ҚОЛДАНУ

***А.К. Есенғалиева,**
бейнелеу өнері және дизайн
кафедрасының оқытушысы,
магистр*

Адамның өміріндегі қазіргі заманғы киім бір жағынан утилитарлық функцияларды орындайды, ал екінші жағынан белгілі бір мағына мен құндылықты, өзіндік ерекшелікті білдіреді. Киім қолданбалы өнер туындысы болып саналады, бірақ оның орындау қасиеттерін бағалаған кезде ол маңыздылыққа ие болады: сәнге, заманауи дизайнға сәйкестілік, сондай-ақ алғашқы келбетін сақтаудағы техникалық қызмет көрсетудің қарапайымдылығы. Киім өндірісі реформаларды бастан өткеруде. Қазіргі сән теоретиктері бұл құбылысты жаңа дизайн парадигмасының пайда болуы деп түсіндіреді, өйткені бүгінде шағын өндірістердің икемділігі мен технологияны миниатюралау арқасында эксклюзивті өнімдердің шағын партияларын шығаруға кеңес берілді. Бұл жағдайда өндіріс жаңа материалдық мүмкіндіктерге байланысты өнімнің түрін қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті бола бастайды. Мұндай материалдарға жетекші дизайнерлердің тренд топтамаларында жиі пайда болатын дәстүрлі көркем тоқу материалдары кіреді. Тоқудың дәстүрлі техникасына негізделген киім өзінің ерекше қасиеттеріне байланысты өзінің өндік көркем

безендіру дизайнымен және дәстүрлі емес пішінмен ерекшеленеді, бұл оны трендке айналдырғанымен, жаппай өндіру өнімінде қарастырылмайды. Жиналған материалдардың негізінде этникалық және заманауи иірілген жіп өнімдерінің ассортименті негізінде тоқу өнері негізінде бұйымдар жасалынғаннан бастап, тоқылған бұйымдар өндірісінде қолөнер әдісі басымдыққа ие болды. Қолөнер әдіс дәстүрлі тоқу техникасын, сонымен қатар дизайнерлердің заманауи авторлық өнімдерін қолданыла отырып, этникалық бұйымдардың барлық түрін жасайды. Осы бағытта жұмыс істейтін зерттеушілер негізгі механикалық қасиеттері мен конструкцияларын жобалаудың заманауи әдістерін ұсынды, алайда процесс күрделі, көптеген итерациялармен жүреді, өйткені көркемдік кескін мен бұйымдардың қажетті қасиеттері бір-бірімен байланысты емес жоғары мамандандырылған міндеттерді шешу арқылы қамтамасыз етіледі. Негізгі мәселе – модель жасаудан бастап, қажетті қасиеттері бар материалдардан бөлшектерді өндіру процесін жобалауға дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын ғылыми негізделген тәсілдің жоқтығы. Ауқымның кеңеюі жаңа күрделі кеңістіктік формаларды, жаңа құрылымды, ерекше дизайнды жасауды қажет етеді. Осылайша, бұйымдардың максималды көркем экспрессивтілігі мен жоғары өнімділік сипаттамаларын қамтамасыз етудің интегралды тәсіліне объективті қажеттілік туындайды, сондықтан материалдың технологиялық және эстетикалық ерекшеліктерін ескере отырып, дәстүрлі көркем тоқу негізінде көркемдік дизайн әдістерін жасау қажеттілігі туындайды.

Дизайн, технологиялық және дизайн мәселелерін бірлесіп шешу дәстүрлі тоқу техникасына негізделген жаңа сапалы, бәсекеге қабілетті киімдердің нарыққа шығуына жол ашады.

Этнодизайн көріністерінің көптігінде оның әртүрлі түсіндірмелері, яғни этностықты қазіргі заманға ендіру әдістері бар. Бұл, әдетте, жалпыға ортақ формалар, сұлбалар, өнерге сәйкес келетін және этностық сезімін қалыптастыруға арналған халық шығармашылығының ұлттық түсі болып саналады. Қарама-қарсылықты этникалық өнерге тән белгілі бір бейнелерді, белгілерді немесе нысандарды оқшаулау, оларды зерттеу және қазіргі заманғы жобалау жобасына енгізу деп атауға болады. Дегенмен, заманауи дизайнға этникалық сыртқы белгілер ғана емес, сондай-ақ орындау технологиялары енгізілуі мүмкін.

Соңғы кезде түрлі бағыттардағы дизайн өнімдерін жеткізудің айтарлықтай өсуімен байланысты бірқатар ғылыми, техникалық және эстетикалық мәселелер қалыптасты. Үлкен бәсекелестік және нарықта ұзақ уақыт бойы мамандандырылған шетелдік компанияларды кеңейту үшін шекаралардың жоқтығы үлкен дәрежеде. Осыған байланысты, отандық дизайнға, оның стиліне, өндіріс сапасына, технологиясына және

экологиялық тазалығына деген жоғары талаптар бар. Ұлттық өнердің және этникалық дизайнның қазіргі жағдайы осы мәселеге ғылыми көзқарастың қажеттілігін дәлелдейді.

Этникалық өнер объектілерін зерттеу; объектінің материалды, технологиялық, дизайнерлік және эстетикалық ерекшеліктерін зерттеуді қоса алғанда әртүрлі параметрлер бойынша жүргізіледі. Этникалық модельдеу принципі этникалық тоқыма объектілерін прото-дизайнерлік объектілер ретінде зерттеуге және технологиялық соның ішінде дизайнерлік технологиялардың, технология мен эргономиканың, технологиялар мен эстетиканың өзара байланыстың құрылымы анықталған жүйелік артефакт моделін құруға мүмкіндік берді.

Қазіргі дизайнның маңызды аспектісі – эргономика. Бұл зерттеуде эргономика тұрғысынан, архаикалық және дәстүрлі тоқыма жабдығы зерделенді, бұл мәселеге ғылыми көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік берді және дәстүрлі тоқыма технологияларының дамуы немесе керісінше, әлсіреуі анықталады.

Мақала тақырыбы кең ауқымына қарай тарихи, археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық, фольклорлық және өнертану бойынша көптеген әдебиеттермен еңбектерді зерделеуді қажет етті. Қазақ халқының ұлттық көркем тоқыма өнері туралы алғашқы мәліметтердің бірі, XVI ғасырдағы бұқар тарихшысы Фазаллах ибн Рузбихан Исани еңбегінде аталады. XVIII-XIX ғасырдағы батыс еуропа және ресей саяхатшыларының, өлкетанушы ғалымдардың жұмыстарынан үздік мәліметтер табуға болады. XIX ғасыр аяғында XX ғасыр басында қазақ көркем тоқыма өнерінің тоқу технологиясымен көркем безендіру әдістерін сипаттау пайда бола бастайды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы басылымдардың тарихи құндылығы олардың жоғала бастаған көне көз раритеттермен қазақ қолөнеріндегі қайталанбас туындыларда еді.

XX ғасырдың екінші жартысының орта бөлігінде қазақ ғалымдарының еңбектерінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап XX ғасырдың бірінші жартысындағы кілем тоқу өнері және қазақ халық шығармашылығының туындылары қарастырылады.

Кілемдердің түрімен атаулары, олардың классификациясы өңір бойынша У. Джанибекованың «Қазақ қолөнерінің мәдениеті» атты еңбегінде атап көрсетілген [1,144 б.]. А.Тажимуратовтың «Шебердің қолы ортақ» альбомында экспедициядан жиналған мәліметтерде тоқыма станок түрлерімен және өрмек түрлерімен халық шеберлерінің, соның ішінде кілем тоқу шеберлерінің өмірбаянымен таныстырады [2,146 б.]. Х.Арғынбаев өз мақаласында Шығыс Қазақстан өңірінің кілем бұйымдарының түрлерін қысқаша сипаттап шыққан. А.Х.Марғұланның

«Қазақ халқының қолданбалы өнері» кітап альбомында кілем бұйымдарының түрлері, орындалу әдісі, ою-өрнек композициясы, түстік шешімі сипатталған. М.С.Муқановтың «Казахские домашние художественные ремесла» атты альбомында киіз үйдің ішкі көрінісі, көркем тоқыма өнерінің тоқу әдісімен технологиясы, кілем бұйымдарының композициясы және кілем бұйымдарының өндіру жолдары көрсетілген. Ою-өрнекті зерттеуге К.Ибраева, М.Ш.Омирбекова, А.Нурпеисова, Ш.Байділдин сынды ғалымдар еңбектерін арнаған. А.А.Шевцованың еңбектерінде ХІХ ғасырдағы, ХХ жүзжылдық басындағы қазақ халық ою өрнегі қарастырылады: ою-өрнек кешені, өрнекпен жазық кеңістікті бөлу, ою-өрнектік сюжеттер, қазақ халқының ұлттық түйсігімен өрнек формасының байланысын атап өткен. С.А.Шкляеваның еңбегінде Қазақстанның қолданбалы өнерінің тарихы, соның ішінде көркем тоқыма өнерінің қалыптасуымен дамуы көрініс тапқан. Түрік ғалымдары Т.Парлак және О.Зайымұлының Қызылорда облысының дәстүрлі кілем өнеріне арналған зерттеулерінде түкті кілемдердің композициялық және технологиялық ерекшеліктерін, табиғи бояу түрлерін, бояу технологиясын қарастырып, түрік және қазақ кілемдерін салыстыра отырып, тарихи-мәдени байланысын ұштастырған [3, 476 б.].

ХІХ ғасырмен ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының көркем тоқыма өнерінің зерттеудегі басылымдарының анализі, Орта Азия халқының шығармашылығымен тығыз байланысын анықтады. Бұл тұжырымдаманы В.Г.Мошкованың қомақты еңбегі, сонымен қатар С.М.Абрамзона, Б.Х.Кармышева, Э.Гуль, және Е.Г.Цареваның да еңбектері дәлелдеп, белгілі бір құндылығын арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Джанибеков У. «Қазақ қолөнерінің мәдениеті». – Алма-Ата: 1982.- 144 б.
2. Тәжімуратов Ә. Шебердің қолы ортақ. – Алматы,:1977. - 146 б.
3. Парлак Т. Дәстүрлі қазақ қалы кілем өнері және Тика Арал аймағы қалы кілем тоқу өнерін дамыту жобасы. – Анкара,: 2002. - 476 б.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ GOOGLE ПРИЛОЖЕНИЯ: ТАБЛИЦ, ДОКУМЕНТОВ, ПРЕЗЕНТАЦИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ ВУЗА

Федорченко Л.А.,
*старший преподаватель кафедры
дошкольного и начального образования, магистр*
Мухиева Г.С.
*преподаватель кафедры
дошкольного и начального образования, магистр*

Использование компьютерных технологий в учебном процессе обусловлено необходимостью повышения мотивации студентов к учебному предмету.

Внедрение инновационных технологий, большой поток информации, сильно влияют на воспитание и обучение детей, и восприятие им окружающего мира. Раньше учащиеся могли получить информацию из разных источников: энциклопедии, справочники, учебники, конспект лекций. Сейчас учитывая современные компьютерные возможности, педагог должен вносить в учебную деятельность новые и интересные методы представления материала и увлекательно организовывать деятельность учащихся при выполнении задания. Нужно учебный процесс организовывать так, чтоб учащиеся с интересом, активно и увлеченно работали на уроке, видели сам процесс работы и результаты своего труда, и могли их анализировать и оценить. Еще Я.А.Коменский принцип наглядности называл «золотым правилом» в обучении учащихся [1].

Для начала необходимо рассмотреть понятия «технология» и «информационно-коммуникативные технологии».

Понятие «технология» в педагогическом словаре Новикова А.М., трактуется как, совокупность средств и методов воспроизведения теоретически обоснованных процессов обучения и воспитания, позволяющих успешно реализовывать поставленные образовательные цели [2].

Тужикова Е.С. рассматривает информационно-коммуникативные технологии, как средство развития образовательной мотивации студентов. С помощью данных технологий студент сам может выбрать темп, последовательность и уровень сложности изучаемого материала [3].

Таким образом, нам необходимо подобрать такие технологии обучения, которые повысят мотивацию обучающихся к изучаемому предмету, в условиях дистанционного обучения.

В настоящее время мы перешли на дистанционную форму обучения. Это позволило нам добавить в учебный процесс использование компьютера и смартфона. Использование компьютера мы не могли позволить при офлайн (отсутствие сети) обучении. Эти средства позволяют нам представлять наглядную информацию, для более доступного способа изучения темы, а также получать обратную связь от студентов. При использовании информационно-коммуникативных технологий можно сочетать традиционные методы обучения, а также методы критического мышления: такие как: ЗХУ, ментальная карта, ассоциации, диаграмма Вена и другие.

Для разнообразия учебного процесса со студентами ЗКУ им.М.Утемисова с 2019 г. по 2020г, нами была освоена работа с помощью сервиса Google Диска с такими возможностями как *таблица, документ, рисунки, формы*. Использование Google Диска удобно тем, что в нем можно сохранять в облачном хранилище до 15 Гб информации. Данный интерфейс очень удобен в использовании, бесплатен. При работе в *таблице, документе, рисунке* данный документ всегда доступен, в него всегда могут зайти редакторы, то есть, студенты, преподаватели, которым был предоставлен доступ по ссылке, с любого устройства (планшета, компьютера, смартфона) и отредактировать совместную работу [4]. Очень интересно и удобно работать над совместной презентацией. Каждый участник может внести свое творчество. Для работы на данной платформе необходим: смартфон/компьютер/планшет, интернет, адрес электронной почты (желательно почта gmail привязанная к аккаунту Google). Необходимость входа через свой аккаунт, где правильно прописано имя. Это позволит избежать анонимного участия. Все анонимные участники будут подписаны именем животного.

В *таблице* со студентами для освоения учебного материала мы часто использовали составление тестов по теме, вопросов, выделяли категории. Каждый из студентов видел работу своего одноклассника, что с одной стороны помогало ему, давало направление в верном мышлении, и стимулировало его к выполнению работы и не отставанию его от других.

При работе в *документе* мы использовали работу: составление классификации, закрытые-открытые вопросы, выделение терминов, разбивали на периоды, составляли вопрос-ответ, «Правда не правда» – составляли предложения – вопросы с ошибками, незаконченные предложения.

Можно предложить каждому учащемуся ответить на индивидуальный вопрос, а можно поразмышлять над заданием группой. Для выполнения группового задания обучающимся необходимо не только самим найти решение, но и анализировать предложенные другими участниками

варианты, отстаивать свою точку зрения, выбирать оптимальные пути решения. Общение может происходить на странице документа, на полях, функция «Комментарии», в группе Google, в чате или по ZOOM. Групповая организация работы способствует формированию коммуникативной компетенции учащихся [5].

При работе *в рисунке* мы составляли: ментальную карту / словосочетания, понятия относящиеся к теме, «Древо знаний».

Формы мы использовали при проведении контроля с автоматическим выставлением баллов.

Владелец, то есть тот кто создал Google документ может видеть сам процесс работы, кто ведет запись. По окончании работы рабочий документ сохраняется и можно нажав на «последние изменения – показать историю версии», просмотреть кто работал над данным текстом. Автор текста будет подписан при наведении курсора мышки и текст будет выделен определенным цветом.

Для того чтобы пользоваться возможностями Google Диска необходимо иметь почтовый ящик на gmail. Со своего аккаунта мы должны зайти на Google Диск, выбрать слева сверху создать и выбрать необходимое приложение документ/ форму/ таблицу/ рисунок. После создания *документа* выбрать справа сверху – настройки доступа – назвать документ. Затем, там где скопировать ссылку, нажать Изменить – выбрать редактор - копировать ссылку – отправить по WhatsApp/ либо в чат ZOOM платформы. Желательно поставить ограниченный доступ, только для добавленных пользователей. Если вы желаете видеть Фамилии тех, кто работает в документе, то необходимо дать не просто доступ по ссылке редакторам, а нужно добавить gmail адрес пользователей групп, и только после этого отправить ссылку по WhatsApp.

Использование документов и таблиц при работе в Google Диска осуществлялось на протяжении 2019-2021 уч.г. среди студентов 2 и 3 курсов специальностей «Педагогика и методика начального обучения» (13 студентов/ в 2019г. – 9 студентов), «Иностранный язык» (12 студентов), «Дошкольное и начальное образование» (7 студентов). Студенты были очень увлечены данной работой, им понравилось, наглядно было видно кто из студентов выполняет работу и получает заслуженные отметки, а кто нет, это заинтересовывало и стимулировало слабых студентов подключаться к учебному процессу. Также с помощью таблицы студенты оказывают большую помощь в подготовке тестовых заданий по дисциплине. С одной стороны, при составлении заданий они глубже углубляются в изучении дисциплины, с другой стороны, это большая поддержка педагогу при подготовке экзаменационных материалов. Совместное использование возможностей Google таблиц, документов и

презентаций, помогает осуществлять анализ групповой работы со студентами. Большая возможность есть и для слабовидящих и незрячих пользователей, они могут работать с Google Диском с помощью специальной программы, преобразующей текст в речь, или скринридера.

Можно предложить рекомендации по использованию данной технологии: использование Google документов и таблиц можно использовать не только студентам, но и сотрудникам университета при сборе данных по научной, методической части, совместно обсуждать, анализировать и вносить изменения в единый документ; задействовать данную технологию непосредственно при дистанционной форме обучения, когда у учащихся имеется доступ к интернету и компьютеру; выявлять склонности и интересы студентов в научном направлении при формировании темы дипломных и курсовых работ.

Таким образом, при использовании Google приложений мы сочетаем компьютерные средства наглядности и активные методы обучения. Дистанционное обучение тоже имеет преимущества, здесь мы можем использовать, такие средства обучения, которые нельзя применять при офлайн работе. Сложности появившиеся в условиях дистанционного обучения позволили нам найти новые и интересные методы преподнесения информации.

Список использованных источников и литературы:

1. Кривоногов С.В., Петров В.А. Применение информационных технологий в обучении как средство повышения качества образования Санкт-Петербург, 2015
2. Новиков А.М. Педагогика: словарь системы основных понятий. М.: Издательский центр ИЭТ, 2013. – 268 с.
3. Тужикова Е.С. Информационно-коммуникативные технологии в современном образовании Санкт-Петербург, 2016
4. Абалуев Р.Н. и др. Интернет-технологии в образовании. Учебно-методическое пособие. – Т.: Издательство ТГТУ, 2002.
5. Справочное руководство по работе с сервисом GoogleDrive: <https://support.google.com/drive/?hl=ru>

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА АСТРОНОМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

***А.Н. Есенғалиева,**
физика кафедрасының
оқытушысы, магистр*

